

«Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ
Басқармасының 2017 жылғы «31» наурыз
№ 327 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2000 ж. «02» 03 ЗОНДЫ
тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
№ 34797-1910-05 куәлік
Алғашқы тіркелген күні 2000 ж. «03» 05
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫККОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА «01» 05 2004
свидетельство № 34797-1910-AD
Дата первичной регистрации «03» 05 2000 г.
БСН/БИН 00054002083

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОПЫҚТЫРУЛАР БҮГІЗІЛГЕН
№ 1573 БҮЙРЫҒЫ
2017 ж. «25» 04
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫККОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 1573
25.04.2017 г.

**«Қазтелерадио» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы
2017 жыл

**СЫРТЫНА
ҚАРАҒЫЗ**

1. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «Қазтелерадио» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленген және оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзіретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам Қазақстан Републикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қазандағы №1419 «Қазтелерадио» Республикалық мемлекеттік қазыналық телехабар, радиохабар және радиобайланыс кәсіпорнын құру туралы» Қаулысына сәйкес құрылған.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама деп аталатын), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесін иеленеді.

5. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

6. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі болады.

7. Қоғамның Қоғам Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін тауарлық белгісі болады және өзге де символика, үлгілері, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болуы мүмкін.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕРЗІМІ

8. Қоғамның атауы:

Мемлекеттік тілдегі толық атауы - «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы, қысқартылғаны - «Қазтелерадио» АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «Казтелерадио», қысқартылғаны - АО «Казтелерадио»;

ағылшын тіліндегі толық атауы - joint stock company «Kaztelradio», қысқартылғаны - JSC «Kaztelradio».

9. Қоғамның (оның Басқармасының) орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, әл Фараби даңғылы, 118-үй.

10. Қоғамның қызмет мерзімі - шектелмеген.

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

11. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

12. «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Холдинг) Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

13. Осы Жарғы Қоғамның Құрылтайшылық құжаты болып табылады.

14. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

15. Қоғамның мақсаты – дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза пайда табу.

16. Қоғам қызметінің мәні желілердің деректер базасында телерадиокомпаниялар, нарық субъектілері мен халыққа арналған қызметтер ұсына отырып, телерадио хабарларын таратудың ұлттық жерсеріктік және эфирлік желілерін дамыту және пайдалану болып табылады.

17. Қоғам қызметтің мына негізгі түрлерін жүзеге асырады:

1) тұтынушыларға телерадио хабарларын тарату, деректер жіберу, Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін көрсету үшін өзіне меншікті телекоммуникацияның ақпараттық жүйелері мен желілерін жобалау, құрылысын салу және пайдалану, сондай-ақ жалға алынғандарын пайдалану;

2) телерадио хабарларын тарату және телекоммуникация желісінің қолданыстағы материалдық-техникалық базасын, арнайы және қорғаныстық мәні бар телекоммуникациялық жүйелер конверсиясымен қоса, олардың әлемнің ең жаңа технологиялық әзірлемелерімен интеграциялануын тиімді пайдалану, осы негізде цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратудың, жерсеріктік телерадио хабарларын таратудың және деректер жіберудің заманауи ұлттық жүйесін құру;

3) көпбағдарламалы жерсеріктік, кәбілдік және эфирлік телевизия мен радионы, оның ішінде мемлекеттік және коммерциялық телерадиобағдарламаларды, жергілікті және шетелдік өндірістің білім беру және оқу бағдарламаларымен қоса, енгізу, пайдалану және тарату бойынша қызметтерді ұсыну;

4) жоғары сапалы телевизия және радиобағдар таратумен қамтамасыз ету;

5) телерадио хабарларын тарату саласында, оның ішінде телевизиялық және радиобағдарламаларды бірбағдарламалы эфирлік трансляциялау бойынша және цифрлық телевизия мен радио желілері арқылы бағдарламаларды көпбағдарламалы эфирлік трансляциялау бойынша қызметтер ұсыну;

6) телевизия, радиохабар тарату, ғарыштық байланыстың жерүсті жүйелері, цифрлық телерадио хабарларды тарату және кәбілдік телевизия саласындағы озық технологиялар негізінде техникалық құралдарды дамыту және жетілдіру;

7) байланыстың жаңа қызметтерін көрсету мақсатында зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру және телерадио хабарларды тарату құралдарын әзірлеу;

8) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы Қоғам қызметінің негізгі түрлеріне сәйкес келетін жұмыстарды орындау.

Заңнамада белгіленген тәртіпте алуға қажетті лицензия немесе рұқсаттаманың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензия немесе рұқсаттаманың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

18. Қоғам Заңнамада қарастырылған барлық құқықтарға ие болады және барлық міндеттерді арқалайды.

19. Қоғамның Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауландырылған мүлкі болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік арқалайды.

20. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғам қызметіне байланысты зияндардың тәуекелін Заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде арқалайды.

21. Қоғам жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік арқаламайды.

22. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл сол сияқты мемлекет те Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

23. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) бекітіп, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге ие болып, сотта талапкер немесе жауапкер ретінде шыға алады, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

24. Қоғам қорғау-күзет құжаттарын, технологияларын, «ноу-хоу» және басқа да ақпараттарға ие болуға және пайдалануға құқықтарды сатып ала алады және ұсына алады.

25. Қоғам құнды қағаздар шығара алады, оларды шығарудың, орналастырудың, айналдыру мен өтеудің шарттары мен тәртібі Заңнамада белгіленеді.

26. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелдерде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражаттарын бөліп және Заңнамаға сәйкес олардың қызмет тәртібін белгілеп бере алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке теңгерімінде және тұтастай Қоғам теңгерімінде ескеріледі.

26.1. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылықты Қоғам Басқармасының мақұлдауымен Қоғам Басқармасы төрағасы тағайындаған

тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

27. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлаумен, жұмыскерлер еңбегін төлеумен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамумен, пайданы бөлумен, кадрларды іріктеу, орналастыру және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді өз бетінше шешеді.

28. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы аумағы мен одан тысқары жерлерде орналасқан банктер мен басқа да қаржы мекемелерінде, ұлттық валютамен де, сол сияқты шетел валютасымен де шоттар ашуға құқылы.

29. Қоғам Заңнамаға сәйкес теңгемен және шетелдік валютамен қазақстандық, сол сияқты шетелдік заңды және жеке тұлғалардан займдар мен несиелер алуға құқылы.

30. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттама әзірлеп, бекітеді.

31. Қоғам Қоғам Басқармасы төрағасының және Басқарма төрағасы орынбасарларының шетелдік іссапарларын Жалғыз акционермен келіседі.

32. Қоғам Заңнамада және Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарға ие болып, басқа да міндеттемелер арқалауы мүмкін.

7. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

33. Жалғыз акционердің құқықтары:

- 1) Заңнамада және Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия сипатқа ие ақпаратпен қоса, үлестес ұйымдар қимасында, Қоғам сұрау салу алған сәттен бастап, егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға, сондай-ақ Жалғыз акционер немесе Жарғы анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғам тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан Қоғамның құнды қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді-көшірме алуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде наразылық танытуға;
- 7) Қоғам органдары Заңнама мен Жарғы нормаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулар салып, белгіленген мерзімдерде дәлелді жауаптар алуға;
- 9) Қоғам жойылған кезде мүліктің бір бөлігіне ие болуға;
- 10) Заңнамада белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталатын Қоғам акцияларын немесе басқа да құнды қағаздарын басымдылықпен сатып алуға;

11) Директорлар кеңесіне Заңнамаға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

12) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

13) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуге талап етуге құқылы.

34. Жалғыз акционер Заңнамада және Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарға ие бола алады.

35. Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері:

1) Заңнамада және Жарғыда қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде Қоғам тіркеушісі мен аталған акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерістері туралы хабардар етуге;

3) Қоғам туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

8. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

36. Қоғам айырбасталатын акцияларды, облигацияларды және басқа да құнды қағаздарды, олардың қатарында туынды құнды қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның құнды қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналдыру мен өтеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасында анықталады.

37. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқық береді. Жай акция Жалғыз акционерге, сондай-ақ, Қоғамда таза пайда болғанда дивидендтер алуға және Заңнамада белгіленген тәртіпте оның жойылуы кезінде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтар ұсынады.

38. Қоғам акцияларының шығарылуы құжаттамасыз нысанда жүзеге асырылады.

39. Қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылған (өткізілетін) акциялардың саны, тәсілдері мен оларды орналастырудың (өткізудің) бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғам өз акцияларын олардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін орналастырады.

40. Орналастырылған акциялар төлеміне ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және Заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге мүлікпен төлем жасау Заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.

41. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Заңнамаға сәйкес, Қоғамның және үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмауы тиіс Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

42. Қоғам өзі орналастырған құнды қағаздарды төмендегі жағдайларда ғана кепілге қабылдай алады, егер:

- 1) кепілге тапсырылған құнды қағаздар толықтай төленген болса;
- 2) Қоғамға кепілге берілетін және онда кепілде тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам өтеуін төлеп алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 пайызынан аспайтын болса;
- 3) Жалғыз акционер акциялардың кепілі туралы шартты мақұлдағанда.

9. ДИВИДЕНДТЕР

43. Дивиденд дегеніміз Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғам төлейтін, өзіне тиесілі акциялар бойынша Жалғыз акционердің пайдасы болып табылады.

44. Дивидендтер төлеу ақшамен жүргізіледі.

45. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

46. Жыл қорытындыларымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Дивидендтер төлеу туралы шешім төмендегідей ақпараттардан тұруы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің мерзімі;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

47. Жалғыз акционер Заңнама мен Жарғыда қарастырылған өз өкілеттілігі шеңберінде дивидендтер төлеу туралы, шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, шешім қабылдауға құқылы.

48. Жалғыз акционер, осы Жарғының 49 тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Қоғамда қарыз пайда болған мерзімге қарамай-ақ, алынбаған дивидендтер үшін төлем талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттеменің немесе оның тиісті бөлігінің орындалу күніне Қазақстан

Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне қарап аударылатын өсімақы төленеді.

49. Қоғамның жеке капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса немесе егер Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, жай акциялар бойынша Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуді жүргізуге тыйым салынады.

50. Жарғының 49 тармағын бұзу арқылы жүргізілген әрекеттер Қоғамның несие берушілерінің мүддесіне залал келтіреді деп қарастырылып, сотта кез келген мүдделі тұлғаның талап-шағымы бойынша жарамсыз болып танылуы мүмкін.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

51. Қоғам органдары:

- 1) жоғары органы - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма;
- 4) бақылау органы – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

52. Заңнама мен Қоғам Жарғысы акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне жатқызған мәселелер бойынша шешімдерді Холдинг қабылданған тәртіпте Жалғыз акционер ретінде қабылдайды.

53. Жалғыз акционер жыл сайын қардылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Көрсетілген мерзім есепті мерзімге Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін созылды деп есептеледі.

54. Акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің шешім қабылдауы үшін даярлауды Қоғам Басқармасы және (немесе) Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

55. Акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруға Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

56. Заңнамада мәселелердің Жалғыз акционердің қарауына міндетті түрде шығарылатын жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

57. Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару бойынша шығындарды Қоғам арқалайды.

58. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемдегі ақпараттан тұруы тиіс.

59. Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы төмендегідей ақпараттан тұруы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ өз қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға қатысты үлестілігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен орналасқан қызметтік лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпараттар.

60. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы құзіретіне жатқызылған, Жалғыз акционердің қарауына шығарылған мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) өткен қаржылық жылға Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) атқарылған жұмыстар туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебі;
- 5) акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы бастама көтерушінің қалауы бойынша өзге де құжаттар.

12. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗІРЕТІ

61. Холдингтің Директорлар кеңесі Қоғамға қатысты:

- 1) тәуекелдерді басқару бойынша саясатты анықтайды;
- 2) Қоғамның стратегиясы мен даму жоспарын әзірлеу кезінде Қоғамның бірыңғай (оның ішінде Қоғам қызметінің салалары бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық саясатын қалыптастырады;
- 3) Заңнама шеңберінде және Холдинг пен Қоғам Жарғысында құзіреттілік бойынша қарастырылған өзге де реттемелеуші құжаттарды бекітеді.

62. Холдингтің атқарушы органының құзіретіне Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және осы Жарғыда қарастырылған мәселелер мен Қоғамның Жалғыз акционерінің құзіретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кіреді.

63. Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

- 3) Қоғамның ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы немесе жойылуы;
 - 4) Қоғамның жарияланған акциялары санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мен олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттары, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
 - 7) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыстар туралы жылдық есебін бекіту;
 - 8) белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
 - 10) есепті қаржылық жылдағы Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 13) Заңнамаға сәйкес Қоғам акцияларды өтеуін төлеп алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесі мен әдістемеге өзгерістерді бекіту;
 - 14) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсынудың тәртібін анықтау, оның ішінде Заңнамаға сәйкес, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
 - 15) Қоғамның ірі мәміле бекітуі туралы шешім қабылдау, оның нәтижесінде Қоғам құны мәміле туралы шешім қабылданған күнге Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу немесе одан да көп пайыз құрайтын мүлікті иеліктен шығарады (иеліктен шығаруы мүмкін);
 - 16) Заңнамада және Жарғыда шешімін қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
64. Шешімдерін қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарына, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне, егер өзгеше Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерде қарастырылмаса, беруге жол берілмейді.
65. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоққа шығаруға құқылы.
66. Холдингтің атқарушы органының басшысы немесе оны ауыстырушы тұлға Қоғам қызметі мәселелері бойынша міндетті түрде орындалуы тиіс тікелей (шұғыл) тапсырмалар беруге құқылы.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

67. Директорлар кеңесі Заңнама мен Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатқызған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Жыл қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі туралы ережеде қарастырылған тәртіпте атқарылған жұмыстар туралы есеп береді.

68. Заңнамада өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне төмендегі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, Қоғамның Даму стратегиясы мен Қоғамның Даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Заңнамада қарастырылған жағдайларда олардың іске асырылуын мониторингтеу;

2) Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелер бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

3) Қоғамның атқарушы органының басшысы мен мүшелері, ішкі аудиттің басшысы мен мүшелері, Корпоративтік хатшы, сондай-ақ тәуекел-менеджмент басшысы мен жұмыскерлері үшін қызметтің шешуші көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту (Директорлар кеңесі жанындағы кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша);

4) Атқарушы органның сандық құрамын, оның басшысы мен мүшелерінің өкілеттілік мерзімін анықтау, сайлау, сондай-ақ Қоғамның атқарушы органы басшысы мен мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, атқарушы органның басшысы мен мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза тағайындау;

5) Қоғамның атқарушы органы туралы ережені бекіту;

6) Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбегін төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау, олардың қызметін бағалау;

7) Қоғамның атқарушы органы басшысы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

8) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіліктерінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін бекіту, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін анықтау және қызмет туралы ережені, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбегін төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын бекіту (Директорлар кеңесі жанындағы аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша), ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің қызметін бағалау;

9) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

10) Қоғамның ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешім қабылдау (Директорлар кеңесі жанындағы аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша);

11) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттіліктер мерзімін анықтау, өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын анықтау, корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, корпоративтік хатшының қызметі туралы жұмыс жоспарлары мен есептерді бекіту;

12) Қоғамның Тәуекел-менеджмент қызметін жұмыскерлерін тағайындау, өкілеттіліктер мерзімін анықтау, өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын анықтау, Тәуекел-менеджмент қызметі туралы ережені бекіту, Тәуекел-менеджмент қызметінің қызметін бағалау, Тәуекел-менеджмент қызметінің қызметі туралы жұмыс жоспарлары мен есептерді бекіту;

13) Заңнамаға сәйкес акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілдері мен бағасы туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздардың өтеуін төлеп алуы және оларды өтеуін төлеп алу бағасы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдерді анықтау;

16) Қоғам акцияларының төлеміне берілген, не болмаса ірі мәміленің құралы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін, Қоғамның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;

17) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

18) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті алдын ала бекіту;

19) Қоғам міндеттемелерін оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

20) жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның мәміле немесе жиынтықтағанда өз арасында өзара байланысты мәмілелерді бекітуі туралы шешім қабылдау, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен жиырма бес немесе одан да көп пайыз құрайтын мүлік сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін).

22) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;

23) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

24) Қоғам жұмыскерлерінің жалпы штаттық санын, Қоғамның Орталық аппаратының, филиалдары мен өкілдіктерінің ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;

25) Қоғамды корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзіреті шеңберінде Қоғамның тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту, Жалғыз акционерге жетілдіру жөніндегі ұсыныстар даярлау,

26) тәуекелдерді басқару бойынша Қоғамның ішкі рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарында Қоғамның басқа органдарының құзіретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

27) Қоғамның есепке алу саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту және енгізу;

28) Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек саласындағы саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту және енгізу;

29) Қоғамның омбудсменін тағайындау, өкілеттілік мерзімін анықтау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

30) Қоғамдағы қайшылықтарды реттеу бойынша саясатты бекіту;

31) өз құзіреті шеңберінде корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығын мониторингтеу және оларды реттеуге қатысу;

32) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін анықтау;

33) қызметтік жеңіл автокөліктердің тиесілілігі нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдар нормасын анықтау;

34) өкілдіктік шығындар лимитін анықтау;

35) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, олардың тізбесін Директорлар кеңесі бекітеді.

69. Тізбесі Жарғының 68 тармағында белгіленген мәселелерді Қоғамның Басқармасына шешу үшін беруге болмайды.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

70. Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілердің ішінен сайланады (тағайындалады):

1) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (кепілдеме берілген) тұлғалар;

2) Қоғамның акционері емес және акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кепілдеме берілмеген) тұлғалар.

71. Тәуелсіз директорларға үміткерлердің өз міндеттемелерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделері үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері, іскер және салалық ортада мінсіз беделі болуы тиіс.

Тәуелсіз директор лауазымына төмендегі тұлғалар сайлана алмайды:
белгіленген заңды тәртіпте жабылмаған немесе алынбаған соттылығы барлар;

бұрын мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларды мәжбүрлі түрде өтеуін төлеп алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп мойындалған басқа заңды тұлғаны консервтеу туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан көп емес кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғандар. Көрсетілген талап мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларды мәжбүрлі түрде өтеуін төлеп алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп мойындалған басқа заңды тұлғаны консервтеу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі бес жыл бойы қолданылады.

72. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны төрт адамнан кем болмайды. Директорлар кеңесі мүшелері жартысынан кем емес саны тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы Жалғыз акционердің шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

73. Директорлар кеңесі өкілеттіліктерінің мерзімі 3 жылды құрайды. Директорлар кеңесі өкілеттіліктерінің мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін Жалғыз акционердің шешімі қабылданған сәтте аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттілігі Жалғыз акционердің тиісті шешімі қабылданған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттілігі тұтас Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

74. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес лауазымдық жалақысы мөлшерін тағайындай отырып, Қоғамның атынан Қоғамның Басқарма төрағасымен еңбек шартын бекітеді. Бұл ретте осы еңбек шарты материалдық

ынталандырудың Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген Қоғам қызметінің шешуші көрсеткіштері жетістігіне тікелей тәуелді екенін қарастыруы тиіс;

5) Заңнама мен Жарғыда қарастырылған өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесі төрағасы болмаған жағдайда оның атқарымдарын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

75. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының, не болмаса:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) Жалғыз акционердің;

4) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

76. Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс шақырудан бас тартса, бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгіне алады, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып, өткізіледі.

Директорлар кеңесінің отырысының өткізілетіні туралы Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды. Директорлар кеңесі отырысы өткізілетіні туралы жазбаша хабарламаға сырттай тәртіпте сондай-ақ сырттай дауыс беруге арналған бюллетень тіркеледі, ол бірыңғай нысанда Директорлар кеңесінің барлық мүшесіне ұсынылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень:

1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жерін;

2) Директорлар кеңесінің хатшысына қол қойылған бюллетеньді тапсыратын күнді;

3) отырыстың күн тәртібін;

4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің жолдарын;

5) өзге де мәліметтерді көрсетуі тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдаған кезде Қоғамның корпоративтік хатшысы олардың дұрыс әрі бірдей үлгіде жасалғандығын өзінің қолымен растайды.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада бетпе-бет отырыс өткізіліп, оған Директорлар кеңесінің мүшесі қатыса алмайтын жағдайда оның жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме болуы тиіс.

77. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық кеңес» режимінде біруақытта әңгімелесуі) арқылы, сондай-ақ байланыстың өзге де құралдарын пайдалана отырып, қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылдаған шешімдерін рәсімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысына өзінің қатыса алмайтындығын Директорлар кеңесі төрағасына немесе корпоративтік хатшысына ертерек хабарлауға міндетті. Отырыста жоқ Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада:

- 1) жасалған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі білдірілген күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әр мәселесі бойынша анық білдірілген көзқарасы;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне атысты өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Күн тәртібі бойынша Директорлар кеңесі мүшесі ұсынған жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде есепке алынады және отырыс хаттамасына тігіледі, хаттамада Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені арнайы жазылады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесі мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Директорлар кеңесінің хатшысына Директорлар кеңесі отырысы өткізілгенге дейін ұсынуы тиіс.

Егер бұдан бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру қолданылатын Кеңестің отырысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

78. Директорлар кеңесі отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем емес санды құрайды және бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық кеңес» режимінде біруақытта әңгімелесуі), сондай-ақ байланыстың өзге де құралдарын пайдалануды есепке ала отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін есепке ала отырып (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары бар болған кезде), анықталады.

79. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі егер Заңнамада немесе Жарғыда өзгеше қарастырылмаған болса, отырыста қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай ғана көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізетіні жайлы шешім қабылдауға құқылы, онда тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесі шешімімен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Жалғыз акционер Заң және (немесе) Жарғы талаптарын бұзып қабылданған шешімге сотта наразылық таныта алады.

80. Жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді бекіту туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай ғана көп дауысымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлардан басқа барлық мүшесі мұндай мәміле жасасуға мүдделі жағдай болса, шешім тәуелсіз директорлардың жай ғана көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен жағдайда, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәміле жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

81. Директорлар кеңесі төрағасының қалауына қарай, Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша оның шешімдерді қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы болуы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады. Осы Жарғының 68 тармағы 1), 3), 4), 8), 11), 12), 14), 15), 19), 23) тармақшаларында анықталған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға болмайды.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердегі кворум болғанда ғана қабылданған болып мойындалады. Сырттай дауыс еруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қойған болуы тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім жазбаша түрде рәсімделіп, онда Директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысының қолдары қойылуы, сондай-ақ:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс берудің шешімін жазбаша рәсімдеудің күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлға (орган) көрсетілген;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдауға арналған кворумның бар/жоқ екендігі туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары мен қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Шешімді рәсімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне негізге ала отырып, аталған шешім қабылданған бюллетеньдер тіркеліп, жіберілуі тиіс.

82. Бетпе-бет тәртіпте өткізілген Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған оның шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жасап, қол қойған хаттамамен рәсімделеді және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың күні, уақыты мен өткізілген жері;
- 3) отырыста қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс бергені туралы жазба (ондай жазбаша хабарлама болған жағдайда);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қолдар қойылған бюллетеньдер Қоғам мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған оның қолымен және Қоғамның тиісті мөрінің баспа-таңбасымен расталған хаттамадан және шешімнен үзінді-көшірме беруге міндетті.

83. барынша маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар даярлау үшін Қоғамда төмендегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар беру;
- 3) аудит;
- 4) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де мәселелер.

Комитеттерді Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелерінен құрып, мүшелердің бірін комитеттің төрағасы етіп тағайындайды. Қажет болған жағдайда комитет құрамына нақты комитеттің жұмысы үшін қажетті кәсіби білімге ие сарапшылар енгізілуі мүмкін. Комитет мүшелерінің өкілеттілік мерзімдері олардың Директорлар кеңесі мүшелері ретіндегі өкілеттілік мерзімдерімен сәйкес келеді, дейтұрғанмен оны Директорлар кеңесі жыл сайын қайта қарастырады.

Басқарм төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі бола алмайды.

14. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

84. Ағымдағы қызметтің басшылығын Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады.

Басқарма Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Қоғамның мәміле немесе жиынтықтағанда өз арасында өзара байланысты мәмілелерді бекітуі туралы шешім қабылдайды, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің бес пайызынан жиырма бес пайызға дейін құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін), сондай-ақ Заңнама және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге органдарының құзіретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның өзге де мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдайды;

2) Директорлар кеңесі бекіткен ұйымдастырушылық құрылым мен жұмыскерлердің жалпы штаттық санын есепке ала отырып, Қоғамның Орталық аппаратының, филиалдары мен өкілдіктерінің штаттық кестесін бекітеді;

3) Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдап, нұсқаулар береді;

4) Қоғамның өзге орнадарының құзіретіне жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

5) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес және тәуелсіз ұйымдарының жұмысын реттеп әрі бағыт беріп отырады;

6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7) белгіленген тәртіпте Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдайды;

8) Жарғының 68 тармағы 35) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін анықтайды;

9) Жалғыз акционер бекіткен реттемелеуші құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Даму жоспары шеңберінде Қоғам бюджетін бекітеді және түзетеді;

10) Қоғамның Даму стратегиясын дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ оның орындалуына жауапкершілік арқалайды;

11) Қоғамның Даму жоспарын дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ оның орындалуына жауапкершілік арқалайды;

12) Жалғыз акционерге жоспарланған жылдың алдындағы жылдың жиырмамыншы наурызына дейін Қоғам акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамдалған көрсеткіштерін ұсынады;

13) Қоғамдағы ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін жауапкершілік арқалайды;

14) Директорлар кеңесін Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақтылы хабардар етіп тұрады;

15) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша күзіретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

85. Басқарма өзіне жүктелген атқарымдарды орындау барысында Директорлар кеңесі мүшелеріне уақтылы, сұрау салу алған сәттен бастап он күннен кешіктірмей, Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы, ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді.

86. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

